ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!
2 ақпан 2024 жыл

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ #140 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ 6 сынып оқушысы Талғатұлы Әлисұлтан аймақтық компьютерлік графика сайсына қатысып I ОРЫН ИЕЛЕНДІ. Жетекшісі информатика пәні мұғалімі Зұлхарнаева Альбина

"Sketch Up Make ортасында обьектілердің модельдерін құру" айдарымен өткізілген сайыста үш өлшемді нысан жасау (3D модельдеу) бағытында визуализация және инженеринг тәсілімен заманауи жобалау жұмыстарын көрсетті.

Жас өреннің болашағына үлкен биіктік, жетекші ұстазына шығармашылық табыс тілейміз!



КОНКУРС НӘТИЖЕСІ
2 ақпан 2024 жыл

Ағымдағы жылдың 2 ақпан күні «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.08.2023 № 259 өзгерістерімен және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023жылғы 16 тамыздағы №343 бірлескен бұйрығы негізінде) химия пәнінің мұғалімі лауазымына жарияланған конкурстың комиссия отырысы өткізілді. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген 10(он) үміткердің ішінен жоғары ұпай жинаған Сайынбай Айжан конкурстан өтті деп есептеліп, тұрақты бос лауазымға тағайындауға ұсынылды.

БІЛІМДІ ҰСТАЗ. ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТ. ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСІМЕН НӘТИЖЕСІ.
2 ақпан 2024 жыл

Абылай хан атындағы №140 орта мектебінің 5-6 сынып оқушылары республикалық пәндік олимпиададан жүлделі орындар иеленді.

- ✓ Есенбаева Кәусар, жетекшісі Ахметова Жазира II ОРЫН. Жаратылыстану.
- ✓ Оразбекова Алина, жетекшісі Дандесова Мереке II ОРЫН. Ағылшын тілі.
- ✓ Бақытжанқызы Балым, жетекшісі Бекқожаева Қарлығаш II ОРЫН. Орыс тілі.
- ✓ Утегенова Айару, жетекшісі Тоқтамұратова Манар III ОРЫН. Қазақстан тарихы.
- ✓ Қайратұлы Шадияр, жетекшісі Сатыбалдиева Гүлмира III ОРЫН. Қазақ тілі мен әдебиеті.
- ✓ Құдайберген Дидар, жетекшісі Әбдір Мөлдір III ОРЫН. Жаратылыстану.
- ✓ Сламбек Арайлым, жетекшісі Тоғызбаева Гүлжан III ОРЫН. Қазақстан тарихы.
- ✓ Асылбекқызы Жания, жетекшісі Доспенбетова Асылзат III ОРЫН. Қазақ тілі мен әдебиеті

Құттықтаймыз!
Талабыңа нұр жаусын -ЖАС ӨРЕНІМ, еңбегіңе мың алғыс аяулы' асыл ҰСТАЗЫМ!

«Ата-аналар академиясы»
5 ақпан 2024 жыл

Баланың қауіпсіз өмір сүру, денсаулық пен өсіп-жетілу құқығын қамтамасыз ету үшін мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіру аса қажет. Балаларымыздың құқықтары мен мүдделерін қорғау елдің ұлттық саясатында әрқашан басымдыққа ие.

«Ата-аналар академиясы» жұмысы аясында өткізілген ата-аналармен кездесу барысында әр ата-анадан балаларды тәрбиелеуге, олардың оқуына, денсаулығы мен демалысына қызығушылық танытуға, отбасында өзара құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлуді сұраймыз. Ата-аналар балалары үшін физикалық және рухани кемелдіктің үлгісі болуы керек. Сондай-ақ ата-аналарды мектеп өміріне белсенді араласуға шақырамыз.

Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша биылғы оқу жылында бірнеше жаңашылдық енгізілді. Ата-аналарға мектепте жасалып жатқан жұмыстар таныстырылып, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жүргізіліп, ата-аналар тарапынан баланың жеке басын толыққанды дамыту бойынша ұсыныстар берілді.











«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР»
5 ақпан 2024 жыл

«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы
«ҰЛТТЫҚ ӨНЕР» КӨРМЕСІ

«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында ұрпақтар сабақтастығын дамыту, оқушылардың ұлттық өнерге, халық шығармашылығына мемлекеттің, қоғамның , отбасының, тұлғаның мәдени игілігі ретінде құндылық қатынасын тәрбиелеу мақсатында мектебімізде ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өткізілді.






QYSQY BAL
5 ақпан 2024 жыл

9 сынып оқушыларының арасында ұйымдастырылып, өздерінің өнерлерін сынауға 5жұп қатыс7қан "Qysqy bal" таныстыру, вальс, импровизация деп аталатын 3кезеңнен тұрды. Қатысушылардың өнерін тамашалап, әділ бағасын беруге
- «Сенімен Болашақ» РҚБ Қызылорда облыстық филиалының кеңес менеджері Марат Нәбиден Маратұлы
- Қызылорда қалалық Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының хореография бөлімінің жоғарғы санатты педагог- хореографы, Қазақстан хореографтар одағының мүшесі Идрисова Асель Бекзатханқызы
- "Анаға тағзым" орталығының қызметкері, Облыстық "Бойтұмар" қыздар клубының жетекшісі Айдана Маратқызы келіп, сайысымыздың қонағы болды.

Сайыс қорытындысы бойынша: 9 «Ә» сынып оқушылары Амангелдин Диас пен Бүркітбай Асылай ерекше өнерімен, жан-жақтылығымен ерекшеленіп, жеңіске жетіп, Қыс ханзадасы мен Қыс ханшайымы атанды. Сайыс соңында қатысушы жұптарымыз арнайы дипломдармен марапатталып, сыйлықтар табысталды.










DIPLOM







"ҚАЗАҚ ЕСЕБІ" ЧЕЛЛЕНДЖІ
6 ақпан 2024 жыл

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Тоғыз айға 9 іс-шара" жоспарына сәйкес, "Қазақ есебі" челленджі ұйымдастырылды.

Ұлттық қазынамыздың бірі – қазақтың байырғы қара есептері. Жоспар бойынша 6-сыныптар арасында “Қазақ есебі” зияткерлік сайысын куиз форматында өтті

Кезеңдері:
1-кезең – Ситуациялық есептер.
2-кезең – Қазақ халқының байырғы қара есептері
3-кезең – Қазақтың өлшем бірліктері
4-кезең – Логикалық сұрақтар





"ДосболLaik"
6 ақпан 2024 жыл

Ақпан айының 6-шы жұлдызында оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалды әл-қуатын дамыту мақсатында мектебімізде "ДосболLaik" интеллектуалды сайысы 2-3-4 сыныптар арасында өткізілді.

Мақсаты:

Оқушылардың білімге деген қызығушылығын, ынтасын арттыру, алған білімдерін шыңдап, тексеру.

Ой-өрісін іс-жүзінде шыңдау, есте сақтау, сөйлеу мәнерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бір-бірімен достық, ынтымақтастықта болуға, бір-бірін тыңдауға, сыйлауға тәрбиелеу.

Ойын топтық сайыс түрінде ұйымдастырылды. Ойынға қатысқан «Үздік команда», «Тапқыр генийлар», «Еркін ойшылдар» топтары ойын барысында белсенділік көрсетіп, білімдерін ортаға салды. Сайыс барысында оқушылар өздерінің тапқырлықтарын көрсете білді. Сайыс нәтижесінде «Үздік командасы» 1-орынға ие болды.

Интеллектуалдық сайысқа жауапты жетекшілер:
Омарова Ұлболған
Әлжан Ұлболсын
Дузжасарова Ақмаржан











"Демографиялық көрсеткіштер және демографиялық жағдай"
8 ақпан 2024 жыл


"ҒЫЛЫМИ БАҒДАР БЕРУ ШЕБЕРХАНАСЫ" аясындағы "ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН" МЕКТЕБІНІҢ "КИБЕРПЕДАГОГИКА" жобасында қаралған әдіс-тәсілдермен география пәнінен Қалиева Надира Асанханқызы вернисаж сабақ өткізді. "Демографиялық көрсеткіштер және демографиялық жағдай" тақырыбындағы вернисаж сабағын сурет,сызба,графикпен жұмыс жасады.
Сабақ барысында:

- ✓ психологиялық ахуалды қалыптастыру үшін "Стакан" әдісі қолданылды
- ✓ үй тапсырмасын сұрау үшін Qusiss.com платформасы арқылы тест алынды
- ✓ топқа бөлу
- ✓ flippity платформасымен жүргізілді
- ✓ топтық жұмыс кезінде Miro.com интерактивті онлайн тақтаға суреттер орналастырылып жұмыс жасалды
- ✓ қол моторикасын дамыту үшін елдердің сұлбасын пластилинмен жасап жұмыс жүргізілді
- ✓ Сабақ соңында Plickers.com платформасымен штрих код қолданылды.

Оқушылар сабақта өте белсенді болды, жүргізілген топтық, жұптық жұмыс кезінде сабаққа толық араласып қызығушылықтарын көрсетті.

Шығармашыл ұстаздың педагогикалық жаңашылдығы жас мұғалімдерді шыңдай берсін.





STEM LAB



Арманда. Күл. Шаттан
9 ақпан 2024 жыл

Достық, ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру мақсатында 7-сынып оқушыларымен "Дос болайық " тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар бір- біріне деген жылы лебіздерін білдіріп, достық қолын созып, көңілді ойындар ұйымдастырылды. «Достыққа қалай жетуге болады» ойыны жаттығу барысында оқушылар белсене қатысып, достықтық қарым-қатынастың маңыздылығын жарыса айтты. «Сенім» жаттығуында қатысушылар бір-біріне жаны ашып көмектесу арқылы сыйластық таныта білді. Сонымен қатар жағдаяттарды талқыланып пікір – талас жүргізілді.«Жақсы сөз менің досыма» кері байланысы арқылы тренинг жаттығуларын қорытындылап, оқушылар бір-бірінің жылы









Мендель ашқан белгілердің тұқым қуалау заңдылықтары
9 ақпан 2024 жыл

Жаратылыстану апталығы аясында биология пәні мұғалімі Бошайбек Жанат Кеңесбекқызы 9 Г сынып оқушыларымен «Мендель ашқан белгілердің тұқым қуалау заңдылықтары» тақырыбындағы ашық тәжірибе алаңы түрінде сабақ өтілді.
Сабақ барысында: - психологиялық ахуалды қалыптастыру "Жүректен-жүрекке" әдісі арқылы бір-біріне жылы тілек айтып амандасады
-үй тапсырмасын сұрау үшін QUIZIZZ/com платформасы арқылы тест -алынды.Оқушылар толық қатысып,жауап берді.
-Топқа бөлу Терминдер арқылы жүргізілді.
1 топ Гамета
2 топ Зигота
3 Хромосома

Ұжымдық жұмыс – «Аңыз». Жаманнан жақсы туса да, жақсыдан жаман туса да — тартпай қоймас негізге деген нақыл сөзді қалай түсінесіз? Оқушылар өз ойларын ортаға саладыОқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшті
-Грегор Мендельдің тәжірибесінің видеосы youtube/ com сайты арқылы арқылы көрсетілді.
-Топтық жұмыс кезінде «Ойлан,жұптас,бөліс» әдісі арқылы мәтінмен жұмыс жасалды
«СТТҚ». Г.Мендельдің ашқан белгілердің тұқымқуалау заңдылығын сипаттаңыз.
Сипаттау (Г.Мендель өзінің зерттеуінде қолданған өсімдік жөнінде баяндаңыз).
Түсіндіру (Бұршақ өсімдігінің қарама-қарсы белгілерін мен ерекшеліктерін түсіндіріңіз).
Талдау (Мендель тәжірибелерін талдаңыз).
Қорытынды (Гибридологиялық әдісті Мендельдің заңдарымен байланыстырыңыз).
-Сабақты бекітуге Word Wall платформасы арқылы интерактивті тақтаға асбұршақтың суреттерін жауаптарын сәйкестендірді.
-Құлып –кілт әдісі арқылы Оқушылар Г.Менделдің үш заңын тұжырымдады
Жеке жұмыс - Есептерді шығара отырып, ген тазалығын анықтады. Кейін нәтижесін модельдеді
Сабақ соңындағы рефлексия
« Білім энергиясы әдісі»:
1. Мен білетін үш нәрсе ...
2. Мені таңқалдырған екі нәрсе ...
3. Болашақта тереңірек қарастыратын бір нәрсе....
Оқушылар сабақта белсене қатысып, жүргізілен топтық ,жұптық тапсырмаларды қызығушылықпен орындады.






STEM LAB


EM LAB



БІЛІМДІ ҰСТАЗ. ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТ. ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСІМЕН НӘТИЖЕСІ.

Абылай хан атындағы №140 орта мектебінің 7-8 сынып оқушылары республикалық жасөспірімдер пәндік олимпиадасынан жүлделі орындар иеленді.

- ✓ Нұрлан Нұрислам Бахытбекұлы, жетекшісі Төлегенова Жадыра II ОРЫН. Қазақстан тарихы.
- ✓ Сейт Назым Әділханқызы, жетекшісі Тенизкулова Зияда II ОРЫН. Орыс тілі.
- ✓ Захман Көркем Ғабитқызы, жетекшісі Әбдір Мөлдір II ОРЫН. География.
- ✓ Жұмабек Бейбарыс, жетекшісі Бошайбек Жанат II ОРЫН. Химия.
- ✓ Жұмабекова Ақниет Бағдатқызы, жетекшісі Утешова Майгуль III ОРЫН. Биология.
- ✓ Мұхтар Шыңғыс Еркебұланұлы, жетекшісі Нурманова Мереке АЛҒЫС Ағылшын тілі.
- ✓ КӨЛБАЙ АЙАРУ, жетекшісі Бошайбек Жанат I ОРЫН. Биология.
- ✓ Бағдатқызы Диана, жетекшісі Қалиева Надира II ОРЫН. География.
- ✓ Зарлық Раушан Мұхтарқызы, жетекшісі Абдуллақызы Ұлжан III ОРЫН.Қазақ тілі мен әдебиеті.
- ✓ Каким Сұңғат Орынбекұлы, жетекшісі Жаңабергенова Жанар III ОРЫН. Қазақстан тарихы.
- ✓ Сапабек Мақсат Рашидұлы, жетекшісі Уткелбаева Бақыт III ОРЫН. Физика.
- ✓ Арманқызы Гүлім, жетекшісі Сапарбек Галина. III ОРЫН. Ағылшын тілі.

Құттықтаймыз!

Талабыңа нұр жаусын -ЖАС ӨРЕНІМ, еңбегіңе мың алғыс аяулы' асыл ҰСТАЗЫМ!

"ҒЫЛЫМИ БАҒДАР БЕРУ ШЕБЕРХАНАСЫ" АЯСЫНДАҒЫ №29 ТӘЖІРИБЕЛІК АЛАҢЫ
12 ақпан 2024 жыл

"ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН" жобасымен жаңа форматтағы Ата-аналар жиналысы.

Ата аналар жиналысын жаңаша форматта өткізу метеп пен ата-ана арасындағы заманауй ынтымақты байланыс.

Олай дейтініміз жиналысқа келуші ата- аналардың мектепке деген көзқарасы, жиналысқа келетін ата-ана қатарының көбеюі, пән мұғалімдерімен еркін сұхбаттасуы соның дәлелі.

Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі мақсатында "ЖасStar" мектебінің кезекті шарасы

"Ата-аналар жиналысын қызықты өткізу әдістері" тақырыбында өткізілді.

Тәжірибе алаңына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің география ғылымдарының кандидаты Айдаров Оразхан Тұрсынхожаұлы қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті.

Тәжірибе алаңында мектебіміздің жас ұстаздары ата-анамен жиналыс өткізудің жаңа форматын ұсынып, мұғалім, ата-ана, оқушы тарапынан кездесетін кедергілер мен оларды жою жолдарын саралады.

Саяхат форматында ұйымдастырылған ата-аналар жиналысы өз мақсатына жетті. Әр апта сайын түрлі іс-шаралар ұйымдастырып тәжірибе алмасып отыратын жас ұстаздар бұл жолы да педагогикалық әдіс-тәсілдермен бөлісіп тарқасты.










2 топ


ТАПСЫРМА:





"ҒЫЛЫМИ БАҒДАР БЕРУ ШЕБЕРХАНАСЫ" №28 тәжірибе алаңы.
13 ақпан 2024 жыл

"ЖАСЫЛ ҒАЛАМШАР" кіші мектебі аясындағы "GREEN STUDY", "МЕТЕОРОЛОГИЯ", "CLOBAL EKO" жобалары негізінде ұйымдастырылды.

"ӘЛЕМНІҢ ҒАЖАЙЫП ҮШ ТІРЕГІ" тақырыбымен жаратылыстану ғылымдарының апталығы болып өтті.

Апталықтың мақсаты білім алушылардың жаратылыстану пәндерінен танымдық деңгейлерін көтеру, ғылыми ізденуге баулу, педагогтардың тәжірибе алмасуын жүзеге асыру.

Апталықта жаратылыстану пән мұғалімдері киберпедагогикалық тиімді оқыту платформаларымен, практикалық зертханалық сабақтармен, "Cyber kids", вернисаж сабақтар өткізді.

"ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН" жобасымен әлеуметтік серіктес Қорқыт Ата университеті ғалымдарымен университеттегі ғылыми зертханаға оқушылармен таныстырылым болып өтті.

"МЕТЕОРОЛОГИЯ" алаңында ашық тәжірибелік сабақ, Облыстық өлкетану мұражайында өткізілген экосаяхат сабақтар оқушылардың қызығушылығын тудырды.

Апталықтың жабылуы "Адам мен табиғаттың тілдескені-өмірдің үндескені" айдарымен тірі табиғат тақырыбындағы терме, ән, жырмен жабылды. "Ақсақ киік" әні әр адамның көкейіне табиғатты қорғаудың адамгершілік ұлы сезім екенін ұқтырғандай.
















Зорлық зомбылықтың, топтық төбелестің, бұзақылықтың алдын алу бойынша ер балалар жиналысы
13 ақпан 2024 жыл

Адамзаттың ең басты құндылығы - оның бостандығы...

Бүгінгі жиынның мақсаты:

- оқушыларға адамзаттық құқықтары мен бас бостандықтарын қорғауы туралы түсіндіру, зорлық -зомбылық, топтық төбелес, бұзақылық туралы мағлұмат беру және оның салдарымен таныстыру;
- зорлық-зомбылықтың адам өміріне және оның денсаулығына тікелей әсер ететінін түсіндіру.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сай, адамның жеке басына тиісіп, құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасау шаралары тиісті баптарға сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады. Осыған орай білім ордаларының басты міндеті:

- оқушыларды жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстатып, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу;
- оқушылардың адамгершілігі мол, саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.





"ОТБАСЫ МЕКТЕП" ШТАБЫ
14 ақпан 2024 жыл

«Ержүрек бала – ел болашағы» тақырыбындағы патриоттық-форсайт ашық алаң
Қызылорда облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы, ҚХА жанындағы облыстық Аналар Кеңесі және Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің ұйымдастыруымен

Қазақ халқы қашанда бала тәрбиесіне аса бір сыни көзбен қараған. Бала оң – солын тани бастасымен ата – ананың, достарының, араласатын ортасына қарап жеке тұлға қалыптасады. Бала тәрбиесіне ананың аялы алақанынан бөлек әкенің де аса зор ықыласпен, айырықша ынта – жігермен ат салысуы керек. Себебі ер бала әкесінің іс – әрекеті, мінез – құлқына қарап бой түзей бастайды.

Мектебімізде өткен «Ержүрек бала – ел болашағы» тақырыбындағы патриоттық алаңда, әр балаға айтар ойы, салмақты сөзі бар ағаларымыз қатысып, балаларға тәлімді әңгімелерімен бөлісті. Мектеп оқушыларынан бөлек #ZOOM платформасы арқылы қала мектептерінің 300 ге жуық ер балалары қатысқан патриоттық-форсайт ашық алаң қонақтары
Искендер Ержан - «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиал төрағасы, Облыстық мәслихат депутаты
Абдиракинов Нурбек Абитаевич - ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің Тәрбие, идеологиялық және кадрлар жұмысы бөлімінің бастығы, подполковнигі
Турсынбеков Болат Алтынханович - 66597 әскери бөлімі капитаны.
Өткелбай Қыдыр Захманұлы – Тарих білім беру бағдарламасының меңгерушісі
Әбсадықов Сұңғат Ахметұлы – Ауған соғысының ардагері, Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің мұғалімі
ҰҰ 5547 әскери бөлімі мен Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті қызметкерлері
ҚХА жанындағы облыстық Аналар Кеңесінің мүшелері

Кездесу басы мектеп театры жобасының Сарбаздың анасы қойылымымен басталып, әскерге аттанған ұлы үзіп жеген нанды керегеге іліп қойып, қайта оралғанша сол шаңыраққа тілеулес болып тұратынын атап, халқымыздың салт-дәстүрін көрсетті. Шара барысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті, 66597 әскери бөлімі, ҰҰ 5547 әскери бөлімі және Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті қызметкерлері жас ұрпаққа кеңес айтып, құнды ойларымен бөлісті. Ашық алаң қатысушылары мектеп оқушыларын Республикалық бірыңғай Жас Ұлан балалар және жасөспірімдер ұйымына қабылдап, мойындарына галстук тағып болашақтары жарқын болуын тіледі.

Сонымен қатар өмірінің өлшеулі бір бөлігін, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін тағдырдың жазуымен майдан даласында өткізіп, елге аман – сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағалар Қыдыр Захманұлы, Сұңғат Ахметұлы еркіндік пен бейбіт күннің қадірі туралы сөз қозғап, елдің еңселі болуы жастардың қолында екенін атады. Қонақтар әскери-патриоттық қозғалысын дамыту арқылы ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруды көздейтін мектеп оқушыларынан құрылған Жас Сарбаз ұйымының өнерін тамашалады.

Қазақ халқында абыз аналар, қалың елдің туы болып, көш бастаған батыр қыздар да жеткілікті. Ал ержүрек сарбаздың анасы болу тіпті бөлек. Мектебіміздің аяулы ұстазы, ер жүрек сарбаздың анасы Тамаша Әріпханқызы Сарбаздар Аналары өсиетін жеткізді.
Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие. Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген, батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған. Бүгінгі кездесу де ер балаларға ой салып, нағыз патриот болуына септігін тигізеді деген ойдамыз.





























МЕНІҢ БИЗНЕС ИДЕЯЛАРЫМ
"ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН" ЖОБАСЫ
16 ақпан 2024 жыл

Бүгінгі таңда экономикалық сауаттылық арқылы оқушылардың дүниетанымдылық көзқарасын кеңейтіп, адал еңбек етуді үйрету маңызды алғышарттардың бірі. Тәрбие жұмыстары аясында оқушыларды еңбекке баулу, жетістікке жететін белсенді азамат болуға машықтандыру көзделген.


Осы орайда 8-11 сынып оқушылары "Менің бизнес идеяларым" тақырыбында PechaKucha 20×20 форматында өз жобаларын қорғады. 4 топқа бөлінген қатысушылар "Аквапоника", "TAZALIKE", "DIA" COMPANY, "Three and sweetie" sweeties shop тақырыбындағы жұмыстарын таныстырды.

- Аквапоника. Балық шаруашылығы мен гидропониканы біріктіретін бірегей жүйе арқылы табыс табу.
- TAZALIKE. Мобильді қосымша арқылы тапсырыс қабылдай отырып бүлінген киімдерді мекен-жайдан алып кетіп, тазалап, қайта жеткізу бойынша кәсіп жүргізу.
- DIA_COMPANY. Ежелгі ұлттық нақыштағы бұйымдар, өнімдерді бүгінгі заманға сай етіп қайта өңдей отырып сатылымға шығару.
- Three_and_sweetie. Sweeties shop. Нарықта таралмаған 3D аппаратпен жасалатын тәттілер сату кәсібі.

Оқушылар өз компанияларының «брендін» ойлап тауып, жарнамалық науқан бағдарламасын жасап, жобаны қорғады, осылайша бизнес жоспар құру қабілеттерін көрсетті. Оқушылардың жұмыстары оң бағаланып барлық қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды.







ARMANDA.KUL.SHATTAN

19-23 ақпан аралығында арнайы мамандардың ұйымдастыруымен "ARMANDA.KUL. SHATTAN" тақырыбында психология апталығы бастау алды.

Шараның мақсаты:

Қатысушылардың шығармашылық қабілетін арттырумен қатар бір-бірімен тығыз жағымды қарым-қатынас орнату және ынтымақтастықта жұмыс жасау;

Қатысушылардың танымдық процесстерін арттыру және жағымды психологиялық көңіл-күй сыйлау.

Апталықтың алғашқы күнінде мектеп ұжымын қарсы алып, әр баланың қимыл-қозғалысын белсенділігін арттыру, ұжымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу мақсатында "Бүгінгі күнге жақсы тілек алыңыз!", " Ең мейірімді адам..." айдары жүргізілді.

"Отбасы-бақыт мекені" тақырыбында 5-6 сынып оқушыларының қатысуымен фото суреттер көрмесі жасалынды.

Апталық жоспарына сәйкес аптаның әр күні арнайы тапсырмалар мен позитивті көңіл-күй сыйлайтын арнайы мамандардың бағыттары бойынша тимбилдинг, тренингтер ұйымдастырылады.

Мектеп оқушылары күнделікті өмірде түрлі топтармен, өзге ортамен араласа отырып қарым-қатынас жасайды. Ал оқушылар қарым-қатынасының негізгі объектісі - олардың ұйымшылдығы мен бірлігі, ортақ психологиялық ахуал, әрбірінің көңіл-күйі, мақсат-мүддесі әлеуметтік-психологиялық ортада өзекті жайт ретінде қарастырылады.

Шара соңында қатысушыларды қолдау мақсатында марапатталады.












ARMANDA.KÚL.SHAMTAN








ARMANDA.KÚL.SHAMTAN



ТАЛАБЫҢА НҰР ЖАУСЫН ЖАС ӨРКЕН

ШӘКІРТТЕРІМІЗ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ II (ҚАЛАЛЫҚ) КЕЗЕҢІНДЕ ИЕЛЕНГЕН ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАРЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МАПАТТАЛҒАНДАР:
Манат Дана 9 кл, математика, I ОРЫН
Тиышбай Инабат 9 кл, информатика, II ОРЫН
Бағдатұлы Жасұлан 9 кл, география, III ОРЫН
Қуантқан Алина 10 кл, география, III ОРЫН
Әуесхан Нұрсәт 11 кл, биология, III ОРЫН
Базархан Динара 11 кл, физика, III ОРЫН
БҰЛ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІНЕ МЫҢ АЛҒЫС!
ОЛАР; ОҢБАЕВА ЖАЗИРА,
ӘБЕКОВА ӘСИЯ, ҚАЛИЕВА НАДИРА,
УТКЕЛЬБАЕВА БАҚЫТ,
БОШАЙБЕК ЖАНАТ
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ
ҚҰТТЫ БОЛСЫН ӘРІПТЕСТЕР, ЖЕҢІМПАЗ ЖАС ӨРЕН
Гуманитарлық пәндер бойынша МАРАПАТТАЛҒАНДАР;
Айтқожаева А II, III ОРЫН. Шәкірттері Әділова Аруана, Нұртай Жұлдызай. Ағылшын тілі.
Конисова Н. III ОРЫН. Шәкірті Барлыбаев Сұлтан.
Кенжеғұлова Раушан. III ОРЫН. Шәкірті Ким Жасмин. Құқық негіздері пәні.
Дәуренбек Жәния "АЛҒЫС"
Конисова Н. III ОРЫН. Шәкірті Аманжолов Жандос. Қазақсатан тарихы.
МАРАПАТТАРЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, БІЛІКТІ ҰСТАЗДАР!
Талаптарыңа нұр жаусын, ЖАС ӨРКЕН!




ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР
БОЙЫНША 9-11 СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ








МЕКТЕП ТЕАТРЫ
22 ақпан 2024 жыл

Әрбір жан театрдан өзіне керек дүниені таба алатыны сөзсіз: онда өмір шындығы да, әзіл де, қайғы-мұң да, ән мен би де, жан тыныштығы да бар.

Оқушылардың актерлік шеберлігі арқылы образдарды ашып көрсетуі, ең маңызды әрі жауапты іс. Осы орайда жас әртістеріміздің еңбегі мен таудай талпынысын айтпай кету қателік болар, себебі тұлғалардың рөлін ашу ең біріншіден үлкен жауапкершілік.


















Ұлт бедерін айшықтаған қаламгер
27 ақпан 2024 жыл

Қазақтың суреткер ақыны, жазушы, драматург Ілияс Жансүгіровтың туғанына биыл – 130 жыл.

Осыған орай "Бір ел - бір кітап" акциясы аясында қалалық мектеп оқушылары арасында "Ұлт бедерін айшықтаған қаламгер" атты көркемсөз оқу байқауы өтті.

Байқауда 9 "В" сынып оқушысы, мектебіміздің оқушысы Талшын Оспан, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жулдызай Музарапшинаның жетекшілігімен жүлделі II орын иеленді. ЖЕҢІМПАЗ ОҚУШЫМЫЗДЫ ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!



“Балалар кітабының мейірімді әлемі”
28 ақпан 2024 жыл

“Балалар кітапханасы” жобасы аясында мектеп кітапханашылары биылғы оқу жылында жаңадан келген кітап топтамаларынан "Балалар кітабының мейірімді әлемі" атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге мектебіміздің 3"В" сынып оқушылары және сынып жетекшісі Әбдіқалиева Жарқынай апай қатысты. Оқушылар көрмеде өздеріне ұнаған кітаптарын ашып, оқып көрді. Кітаптардың ішінде оқыған кітаптарынан бір біріне мағлұматтар берді.

Көрме: "Ертегілер", "Ең ақылды кітаптар", "Таңғажайып оқиғалар" атты бөлімдерді қамтыды.

Көрменің мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін ояту, оқушыны кішкентай кезінен кітап оқуға баулу.



